

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) бағдарламасы талқыланып, "Көліктегі логистика және менеджмент" кафедрасының отырысында қабылданды, 2024 жыл "17" сәуір №8 хаттама.

"Құрылыс инженериясы" кафедрасының
Меңгерушісі


Кулманов К.С.

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) бағдарламасы "Көлік инженериясы" институты кеңесінің отырысында қаралды және ұсынылды, 2024 жыл "26" сәуір №8 хаттама.

"Көлік инженериясы" институты кеңесінің
төрағасы


Абдрешов Ш.А.

МАЗМҰНЫ

| | | бет |
|-----|---|-----|
| 1 | Білім беру бағдарламалары тобы бойынша қабылдау емтиханының мақсаты | 4 |
| 2 | Білім беру бағдарламалары тобы бойынша магистратураға қабылдау емтиханын (әңгімелесуді) өткізу регламенті | 4 |
| 3 | Әңгімелесуді бағалау критерийлері | 4 |
| 4 | Әңгімелесу сұрақтары | 5 |
| 5 | Ұсынылатын әдебиеттер | 6 |
| 5.1 | Негізгі әдебиеттер | 6 |
| 5.2 | Қосымша әдебиеттер | 7 |
| | Қосымша 1 | 8 |

1. Білім беру бағдарламалары тобы бойынша қабылдау емтиханының мақсаты

Ақылы негізде "Мұхаметжан Тынышбаев атындағы АЛТ Университеті" АҚ оқуға қабылдау Қабылдау комиссиясы күнтізбелік жыл ішінде өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

7M07162 –Көлік инфроқұрылымының инженериясы білім беру бағдарламасы бойынша қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) мақсаты магистратураға қабылдаушының теориялық және практикалық дайындығын, дайындық бағыты бойынша магистратурада оқу талаптарына білімнің, білік пен дағдылардың сәйкестік деңгейін анықтау болып табылады.

2. Білім беру бағдарламалары тобы бойынша магистратураға қабылдау емтиханын (әңгімелесуді) өткізу регламенті

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) ұзақтығы – 30 минут, оның барысында қабылдаушы әңгімелесуден өтеді, Президент-Ректор бекіткен құрамы 3 адамнан тұратын комиссияның сұрақтарына жауап береді.

Қабылдаушының таңдауы бойынша қабылдау емтиханы (әңгімелесу) қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде тапсырылады.

Қабылдау емтиханына (әңгімелесуге) дәлелді себеппен келмеген адамдар (ауру немесе құжаттамамен расталған өзге де мән-жайлар) әңгімелесудің бекітілген кестесіне сәйкес басқа күндерге тапсыруға жіберіледі.

Әңгімелесу бейнебайланысты міндетті түрде пайдалана отырып, күндізгі/қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба мұрағатта үш жылдан аспайтын мерзімде сақталады.

Әңгімелесу процесінде үміткердің білімін нақтылау үшін әңгімелесу сұрағының мазмұны бойынша да, бағдарлама шегіндегі пәннің кез келген бөлімдері бойынша да қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Әңгімелесу хаттамалары әңгімелесу аяқталғаннан кейін бірден қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

Әңгімелесуді өткізуге байланысты барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

3. Әңгімелесуді бағалау критерийлері

Әңгімелесу рәсімі №1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгіленген үлгідегі хаттамамен ресімделеді, онда түсушіге сұрақтар мен әңгімелесу нәтижелері тіркеледі.

Үміткерлерді бағалау университет қабылдаған жүйе бойынша 1-кестеге сәйкес жүргізіледі. Комиссияның магистратурада одан әрі оқу үшін кандидаттардың/үміткерлердің жеткілікті деңгейі туралы шешімі өту балы

болып табылады. Әңгімелесу бойынша әрбір шешімге комиссия мүшелері қол қояды.

Университетке қабылданғандарды әңгімелесу ХАТТАМАСЫ олардың жеке іс құжаттарында сақталады.

Кесте 1 – Әңгімелесуді бағалау критерийлері

| Критерийлер | Дескрипторлар | Деңгейі |
|------------------------------|---|----------------------------|
| Мотивация | Таңдалған ББ бойынша докторантурада оқуға және белгілі бір ЖОО-ға түсуге арналған уәждерді дәлелдеу. Оқу аяқталғаннан кейін кәсіби және жеке өсу перспективаларын көру жеткілікті/жеткіліксіз | жеткілікті/ жеткіліксіз |
| Зерттеу құзыреттілігі | Белгілі бір пәндік саладағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажетті зерттеу дағдылары мен тәжірибесін меңгеру жеткілікті/жеткіліксіз | жеткілікті/ жеткіліксіз |
| Шығармашылық | Стандартты емес ойлау, проблемаларды шешудің шығармашылық және балама тәсілдері, ситуациялық есептер жеткілікті/жеткіліксіз | жеткілікті/ жеткіліксіз |
| Коммуникативтілік | Өз көзқарасын қысқаша, өкілді, логикалық, дәлелді түрде жеткізе білу, жалпылау және қорытынды жасау. Тілдерді меңгеру жеткілікті/жеткіліксіз | жеткілікті/ жеткіліксіз |
| Комиссия шешімі | | жеткілікті/ жеткіліксіз |

4. Әңгімелесу сұрақтары

1. Теміржол жолын жобалаудың негізгі кезеңдерін сипаттаңыз.
- 2.Сіз көпірлердің қандай түрлерін білесіз? Әр түрдің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы айтыңыз.
- 3.Көпірлер мен теміржол құрылымдарының тұрақтылығы мен беріктігін түсіндіріңіз. Бұған қандай факторлар әсер етеді?
- 4.Темір жолдар мен көпірлерді салуда қолданылатын негізгі нормалар мен стандарттар қандай?
5. Теміржол жолындағы деформацияларды бақылау және жою үшін қандай әдістер қолданылады?
- 6.Сіз теміржол жөндеудің негізгі түрлерін білесіз бе? Олардың айырмашылықтары мен қолдану салаларын сипаттаңыз.
- 7.Теміржол жағдайын диагностикалау үшін қандай технологиялар мен әдістер қолданылады?
- 8.Рельстердегі ақаулар мен зақымдарды жою әдістері туралы айтыңыз.

9. Теміржол төсемін нығайту үшін қандай материалдар мен технологиялар қолданылады?
10. Теміржол жолын реттеу және түзету процесін сипаттаңыз.
11. Теміржол жолының тозуын болдырмау үшін қандай профилактикалық қызмет көрсету әдістері қолданылады?
12. Теміржолда жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қауіпсіздікке қойылатын негізгі талаптар қандай?
13. Темір жолдар мен жасанды құрылыстарды жөндеу және күтіп ұстау саласындағы заманауи инновациялар туралы айтып беріңіз.
14. Нақты уақыттағы теміржол жағдайының мониторингі қалай жүзеге асырылады?
15. Теміржолды ауа-райының әсерінен (мысалы, қар, жаңбыр, жоғары температура) қорғау үшін қандай шаралар қолданылады?

5. Ұсынылатын әдебиеттер

5.1 Негізгі әдебиет

1. Железнодорожный путь. Ашпиз Е.С. и др., М: Транспорт, 2015.
2. Правила и технология выполнения основных работ при текущем содержании пути. АО «НК «ҚТЖ» Астана 2019.
3. Бадиева, В.В. Устройство железнодорожного пути : учебное пособие / В. В. Бадиева. — Москва : УМЦ ЖДТ, 2019. — 240 с. — 978-5-907055-63-6.

5.2 Қосымша әдебиеттер

1. Железнодорожный путь. Шахунянц Г.М., М: Транспорт, 1987.
2. Путь и путевое хозяйство железных дорог: термины и определения. Словарь-справочник, М: Учеб.-метод. центр по образованию на ж.д. трансп. 2008.
3. Содержание и ремонт железнодорожного пути: Учебник для техникумов Тихомиров В.И., М:Транспорт, 1987.
4. Основы геотехники: Учебное пособие, Исаханов Е.А и др., Алматы: КазАТК, 2007.
5. Содержание и ремонт балластной призмы (балластного основания) железнодорожного пути Ибраимов А.К. и др. Алматы: КазАТК, 2016.
6. Методические указания к практическим занятиям по дисциплине Железнодорожный путь – 1, Ибраимов А.К., Алматы: КазАТК, 2016.
7. Теміржолдардың қосылулары мен қиылысулары. Ибраимов А.К., Тюлюбаева З.Д. Алматы: КазАТК, 2019.
8. Обеспечение габаритов на магистральной сети АО «НК «ҚТЖ». Учебное пособие, Ибраимов А.К. и др. Алматы: АЛТ, 2021.